


СИРА


**ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ МҰХАММЕДТІҢ (С.А.У.)
ӨМІРБАЯНЫ**

Төкембай Бақбосын

КОМАНДА



Программист



Иллюстратор




Сценарист



Дизайнер



Диктор



Сиратанушы

КІРІСПЕ

Ислам тарихын, рухани құндылықтарды және Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) өмір жолын үйрену - әрбір мұсылман үшін маңызды парыздардың бірі. Алайда бүгінгі ақпараттық ғасырда жастардың назарын аударып, діни білімді қолжетімді әрі қызықты етіп жеткізу - өзекті мәселе болып отыр.

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТТАРЫ

- Әрбір мұсылман үшін Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.а.у.) өмір жолын білу – діни сүйіспеншіліктің көрінісі. Жақсы көрген адамын тану үшін оның өміріндегі қиындықтар мен жеңістерді түсіну қажет. Бұл жоба – сол танымның заманауи, қызықты әрі тәрбиелік форматы.

- Ислам дінін жаңа буынға жүрекке жақын, ойын арқылы жеткізу – басты мақсатымыз. «СИРА» ойыны арқылы балалар мен жастар тек білім алып қана қоймай, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) көркем мінезі мен өмірлік ұстанымдарын үлгі ретінде қабылдай алады.

ӨНІМДІ ӘЗІРЛЕУ ПРОЦЕСІ

Жобаның алғашқы кезеңінде исламтанушы (сиратанушы) маман тарапынан ойынға арналған сұрақтар мен мазмұндық блоктар әзірленеді. Бұл уақытта қатарлас түрде мобильді қосымша бағдарламашы арқылы жасала бастайды. Сонымен қатар, ойынның ережелері, графикалық элементтері мен жалпы дизайн концепциясы толықтырылады.

Сценарий жазылып бекітілген соң, иллюстратор сол мәтіндер негізінде бейнероликтер мен визуалды материалдарды сала бастайды. Бұл видеоконтент кейін ойыншылардың QR-код арқылы қолжетімді ақпарат көзіне айналады.

Бекітілген мәтіндер кәсіби диктордың дауысы арқылы дыбысталып, дайын аудиофайлдар мобильді қосымшаға жүктеледі. Бұл контент ойыншылардың ойын барысында тақырыпты тереңірек түсінуіне көмектеседі.

Барлық компоненттер бірнеше кезеңдік тестілеуден өтеді: мазмұн сапасы, техникалық жұмыс істеуі, қолданушыға ыңғайлылығы және дизайн үйлесімділігі. Қажетті түзетулер енгізілгеннен кейін ғана финалдық нұсқасы типографияға жолданып, тиражбен басып шығарылады.

БӘСЕКЕЛІК АРТЫҚШЫЛЫҚТАР



- Дәстүрлі үстел ойыны + мобильді қосымша = заманауи тәсіл
- Терең білім беретін контент (түсіндемелер мен визуализациялар)
- Оқытушы, ата-ана, оқушыға бірдей қолайлы
- Мультимедиялық қолдау арқылы баланың қызығушылығын арттырады
- Ойын форматы арқылы ақпаратты есте сақтау жеңілдейді.

КҮШТІ ЖАҚТАРЫ

- Ислам білім берудің заманауи және интерактивті форматы
- Үстел ойыны мен мобильді қосымшаның үйлесуі
- Тәрбиелік, білімдік және ойын элементтері қатар дамыған
- Аудио-визуал материалдар арқылы терең білім беру мүмкіндігі
- Ислам қағидаларына толықтай сәйкес (шариғатқа сай)
- Қазақ және орыс тілдерінде қолжетімді болу мүмкіндігі

ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ

- Стартап кезеңінде танымалдығы мен сенімділігі әлі қалыптаспаған
- Мобильді қосымшаны әзілеу үшін қаржылық ресурстар қажет
- Исламдық білім беру саласындарғы тәжірибелі кадрлар тапшылығы
- Мультимедия сапасын жоғары деңгейде сақтау үшін уақыт талап етеді

КҮШТІ ЖАҚТАРЫ



- Қазақстанда және Орталық Азияда ислам контентіне деген сұраныстың артуы
- Білім беру ұйымдарымен, медреселермен, мешіттермен серіктестік орнату
- Басқа елдер нарығына (Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия т.б.) шығу мүмкіндігі
- Жас буынның экранға тәуелділігін пайдалы бағытқа бұру мүмкіндігі

ӨНІМ СИПАТТАМАСЫ



- **300** карточкадан тұратын үстел ойыны.
- Әр карточкада сұрақ және **QR**-код орналасқан.
- **QR**-кодты сканерлегенде қолданушы мобильді қосымша арқылы толық жауап, түсіндірме, және қосымша бейне/аудио материалдарды алады.
- Жоба Шарғат талаптарын толықтай сәйкес келеді.
- Ойын **2-6** адамға дейін ойнауға бейімделген.
- Ойын ұзақтығы шамамен **30-60** минут.

ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ӨТЕЛУ МЕРЗІМІ

«СИРА» үстел ойынының орташа сатылымы күніне 2 дана(1 дана- 25 000тг) болады деп болжануда. Бұл көрсеткіш бойынша инвестиция **17** айда қайтарылады.

Алайда, өнімді нарыққа шығаруға дейінгі дайындық кезеңі - шамамен **5-6** ай. Осыны ескере отырып, инвестицияның жалпы өтелу мерзімі **22-23** айды құрауы мүмкін.

Қажетті инвестиция: 6 400 000 ₸

ҚОРЫТЫНДЫ

«СИРА» жобасы - ислам білімін заманауи, қызықты өнім. Бұл жай ғана ойын емес - ол тәрбие мен білім берудің тиімді құралы, отбасылық құндылықтарды нығайтатын және жас буынды рухани дамытуға бағытталған құрал.

Инвестиция тарту арқылы жобаны кең көлемде таратып, ішкі нарықпен қатар шетелдік нарықтарға да шығуға мүмкіндік бар. Бұл - әлеуметтік, мәдени және коммерциялық тұрғыдан үлкен әлеуеті бар жоба.



Байланыс ақпараты:

Алматы қаласы, мкр- 6, 6 үй

87006716486

87757734819

b.tokembai@gmail.com



The background is a light beige color with decorative elements. In the top left, there is a dark brown wavy line and a small floral motif. In the top right, there is a dark brown wavy line and a branch with several leaves. In the bottom left, there are three dark brown starburst shapes. In the bottom right, there is a dark brown wavy line and a small floral motif.

PAXMET